

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен

Хаттама № 14 « 08 » _____ 2024 ж.
проф. Н.О. Дулатбеков



«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

Хаттама № 5 « 21 » 06 _____ 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B03106 - Психология»

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «6B03106 - Психология»

«КЕЛІСІЛДІ»

«Психология және әлеуметтік ғылымдар институты» ЖШС
директоры

п.ф.к., профессор Жантیکеев С.К.

« 22 » _____ 20__ г.



«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ
Бөлім бастығы

Жунусова Г.С.

« 19 » _____ 2024 г.



«6B03106-Психология» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.
- 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығы.
- 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бағыттарының классификаторы

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және квалификациясы	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқыту формасы	4
6	Оқыту тілі	4
7	Берілетін дәреже	4
8	БББ түрі	4
9	ББХСК деңгей	4
10	КҰШ деңгей	4
11	СБД деңгей	4
12	БББ айрықша ерекшеліктер	4
13	Оқыту бағытына лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	ОБ міндеттері	4
16	Бітірушінің біліктілік сипаттамасы	4
а)	бітірушілер лауазымдарының тізімі	4
б)	кәсіптік қызмет саласы мен объектілері	4
в)	бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері	5
г)	бітірушінің кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттілік негізінде оқу нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау	7
19	«Персоналды басқару психологиясы» сертификаттау бағдарламасы (майнор)	10
20	Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы	11
21	Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль аясында оқыту және бағалау әдістерімен үйлестіру	21
22	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	23
23	Түлек моделі	25

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты (бұдан әрі - БББ)

1. **Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** «6B03106 – Психология»
2. **Білім беру саласының коды және классификациясы, мамандарды даярлау бағыттары:** 6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
3. **Білім беру бағдарламаларының тобы:** B041 Психология
4. **Кредиттер көлемі:** 240 ECTS
5. **Оқу формасы:** күндізгі
6. **Оқыту тілі:** қазақ, орыс
7. **Берілетін дәреже:** Әлеуметтік білімдер бакалавры бағдарламасы «6B03106-Психология».
8. **БББ түрі:** ағымдағы
9. **БСХСЖ деңгейі** (Білім берудің халықаралық стандартты классификациясы) – 6 деңгей;
10. **КҮШ деңгейі** (Ұлттық біліктілік шеңбері) – 6 деңгей;
11. **СБД деңгейі** (Салалық біліктілік шеңбері) – 6 деңгей.
12. **БББ айрықша ерекшеліктер:** жоқ.
13. **Оқыту бағытына лицензияға қосымшаның нөмірі:** Қосымша мемлекеттік лицензия № 016. 27.07.2020 ж. KZ83LAA00018495
14. **Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** Мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлік SA №168/2 БСҚБТА агенттігі 10.06.2019 г. – 07.06.2024 ж.
15. **ОБ міндеттері:** Қазіргі заманғы психодиагностика әдістерін пайдалана отырып, психологиялық мәселелерді тиімді шешуге қабілетті, білім беру, денсаулық сақтау, құқық, бизнес және кәсіпкерлік, әлеуметтік сала, құзыретті және сұранысқа ие психологиялық қызмет салаларында жұмыс істеуге практикалық психологтарды даярлау, психокоррекция, психологиялық кеңес беру.
16. **Бітірушінің біліктілік сипаттамасы:**
 - а) **бітірушілер лауазымдарының тізімі:**
 - орта және жоғары оқу орындарында психолог;
 - кәсіптік бағдар беру және кәсіптік оқыту орталықтарында, қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтарында психолог;
 - қоғамдық пікір және саяси технология орталықтарында психолог;
 - өнеркәсіптік кәсіпорындардағы психолог (HR менеджері);
 - спорт ұйымдарындағы психолог;
 - медициналық ұйымдардағы және емдеу-алдын алу мекемелеріндегі психолог;
 - құқық қорғау ұйымдарында және пенитенциарлық мекемелерде, педагогикалық қараусыз қалған жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарында психолог;
 - ғылыми ұйымдарда кіші ғылыми қызметкер.
 - б) **кәсіптік қызмет саласы мен объектілері:**

- мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер, лицейлер мен гимназиялар, мамандандырылған білім беру ұйымдары, колледждер;
- ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар;
- спорттық және шығармашылық ұйымдар;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- кәсіптік бағдар беру және кәсіптік оқыту орталықтары, қалалық және республикалық әлеуметтік қызмет көрсету, халықты жұмыспен қамту орталықтары;
- қоғамдық пікір мен саяси технологияны зерттеу орталықтары;
- өндірістік кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдар;
- құқық қорғау ұйымдары мен пенитенциарлық мекемелер, педагогикалық қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтары;
- коммуникативтік процестер (тұлғааралықтан макроәлеуметтік деңгейге дейінгі диапазонда) және адам мен қоғам, адам мен табиғат, адам мен техниканың өзара әрекеттесуінің психологиялық мәселелері.

в) бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- зерттеу;
- сараптамалық-диагностикалық;
- ұйымдастырушылық және басқарушылық (адам ресурстарын басқару саласында);
- психокоррекциялық;
- кеңес беру;
- оқыту;
- психопрофилактикалық.

г) бітірушінің кәсіби қызметінің функциялары:

- ғылыми-зерттеу функциясы психологиялық зерттеулерді ұйымдастырады және жүргізеді, ғылыми-зерттеу нәтижелерін кәсіби қызметке енгізеді;
- сарапшы-диагностикалық функция психолог қызметінің әртүрлі салаларында: білім беру, денсаулық сақтау, өндірістік, құқық қорғау, кеңес беру салаларында сараптама мен диагностикуаны жүзеге асырады;
- ұйымдастырушылық-басқару (адам ресурстарын басқару саласында) психологиялық зерттеулерді ұйымдастырады және жүргізеді, зерттеу нәтижелерін кәсіби қызметке енгізеді;
- психокоррекциялық функция психологиялық қиындықтары бар немесе жеке тұлғасын дамытқысы келетін клиникалық сау адамдарға көмектесуге бағытталған;
- кеңес беру функциясы клиенттің мәселелерін шешуге бағытталған;
- оқыту функциясы кәсіби іс-әрекетте, тұлғааралық қарым-қатынаста, тұлғаны дамытуда, білімді меңгеруде құзыреттілігін арттыруға бағытталған;
- психопрофилактикалық функция өмірдің әртүрлі салаларында адамның мінез-құлқының бұзылуының (әртүрлі жастағы) алдын алуға бағытталған.

Құзыреттілік негізінде оқу нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттіліктердің түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер: (Soft skills)	PO 1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу арқылы қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ете отырып, жаратылыстану ғылымдары бойынша ағымдағы білімдерін көрсетеді, әдістер мен механизмдерді және Start-Up жобаларды қолданады.
	PO 2	Нақты және виртуалды жағдайларды олардың гендерлік бағдары тұрғысынан білім берудегі, отбасылық және психологияның басқа салаларындағы психология ғылымы тұрғысынан бағалайды.
	PO 3	Сандық технологияларды, смарт қолданбаларды ескере отырып, практикалық психологтардың практикалық әдістері мен құралдарын зерттейді және қолданады.
	PO 4	Өртүрлі проблемалары бар клиенттерге психологиялық қолдау көрсете отырып, психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламаларын құрастырады.
2.Сандық құзыреттіліктер: (Digital skills):	PO 5	Коммуникативті дағдыларды меңгерген, топта жұмыс істей алады, әлеуметтік және эмоционалдық интеллектік дамиды; қарым-қатынас техникасын білу негізінде қарым-қатынас жағдайында өзінің мінез-құлқын бағалай біледі, және түзете алады.
	PO 6	Өртүрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлаудың тиімді жолдарын таңдауға қабілетті, еңбек әрекетін талдаудың негізгі тәсілдерін және еңбек процесін ұйымдастырудағы басқару психологиясын зерттейді.
	PO 7	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пікірлерді ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады; өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hard skills)	PO 8	Психологтың алған білімдері мен дағдыларын тәжірибенің әртүрлі салаларында және практикалық іс-әрекетінде қолданады, еңбек процесін психологиялық зерттеудің нақты міндеттерін қою дағдыларын көрсетеді.
	PO 9	Оқу саласындағы цифрлық технологияларға негізделген білімі мен түсінігін көрсетеді; зерттеу нәтижелерін сипаттайды: психологиялық зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу әдістерін еркін қолданады, ақпаратты жіктейді және жинақтайды, маңызды психологиялық мәселелер бойынша пайымдауларды түсіндіреді.
	PO 10	Оқытылатын саладағы теориялық және практикалық білімдерін қолданылады, психологиялық ғылыми категорияларды жүйелі талдаудың негіздерін анықтайды; академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсінеді.
	PO 11	Ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін біледі, ұғымдық аппаратты қолданады, құрылыс кезендерін, психологиялық және мәдениетаралық зерттеу әдістері мен тәсілдерін сипаттайды, экзистенциализм, дін және денсаулық психологиясы саласындағы білімдерін көрсетеді.
	PO 12	Негізгі психологиялық салалардағы теориялық ұстанымдарды анықтайды және түсіндіреді, әртүрлі қызмет салаларындағы адамдардың жеке ерекшеліктерін сипаттайды; зерттелетін салада фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі байланыстар туралы білімі мен түсінігін қолданады.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдердің атауы	Пәндердің атауы	Көлем (ECTS)
PO 1 PO 6 PO 8	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
		Қолданбалы бизнес және қаржылық сауаттылық негіздер	5
		Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	
		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	
		Ғылыми зерттеу негіздері	
PO 1 PO 6 PO 8	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4
		Мәдениеттану, Психология	4
PO 1 PO 6 PO 8	Ақпараттық-коммуникативтік	Шетел тілі	10
		Орыс тілі	10
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
		Дене шынықтыру	8
PO 1 PO 2 PO 3 PO 4 PO 5 PO 6 PO 7 PO 9 PO 10 PO 11 PO 12	Базалық дайындық	Мамандыққа кіріспе	4
		Тұлға психологиясына кіріспе	5
		Жалпы психология	5
		Даму психологиясы	5
		Әлеуметтік психологияға кіріспе	4
		Әлеуметтік-психологиялық тренинг негіздері	5
		Психодиагностика негіздері	5
		Жалпы психология бойынша практикум	5
		Психологиядағы математикалық әдістер	4
		Психологиялық кеңес берудің негіздері	5
		Оқу	3
		Өндірістік	2

PO 1 PO 2 PO 3 PO 6 PO 7 PO 10	Қолданбалы психология	Пенитенциарлық психология Соттық-психологиялық сараптама	5
		Төтенше жағдайлар психологиясы Қызметкер бойынша менеджер жұмысы	5
		Киберпсихология Психологиядағы арт-терапиялық бағыт	5
		Отбасы психологиялық кеңесте Перинаталдық психология негіздері	5
		Арнайы психология Шекаралық бұзылыстар психологиясы	5
		Білім берудегі психологиялық қызметтің өзекті мәселелер Психологияны оқыту әдістемесі	5
		Медиацияның психологиялық негіздері Гендер психологиясы	5
PO 1 PO 2 PO 3 PO 4 PO 5 PO 6 PO 7 PO 9	Қызметкерлері басқару психологиясы (MINOR)	Басқару психологиясы Психологияны оқыту әдістемесі	5
		Білім берудегі психологиялық қызметтің өзекті мәселелері Кәсіби стресс психологиясы	5
		Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері Академиялық стресс психологиясы	5
		Психологиялық түзету Білім алушылардың оқу мотивациясының психологиясы	5
PO 1 PO 2 PO 3 PO 4 PO 6 PO 9 PO 11 PO 12	Теориялық-әдістемелік дайындық	Медициналық психология	5
		Заң психологиясы	4
		Дифференциалды психология	5
		Психология тарихы мен әдіснамасы	5
		Өндірістік	20
		Дипломалды	3

PO 1 PO 2 PO 3 PO 4 PO 6 PO 7 PO 9 Po 12	Психологиядағы тұлға	Антропология Денсаулық психологиясы	4
		Медиацияның психологиялық негіздері Гендер психологиясы	5
		Экзистенциалды психология Дін психологиясы	4
		Кәсіби қазақ тілі Этнопсихология	5
		Өмірге қанағаттанудың психологиялық аспектілері Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары	4
		Тұлғааралық қақтығыстар мен әсер ету психологиясы Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы	4
PO 1 PO 2 PO 5 PO 6 PO 9 PO 11 PO 12	Қорытынды аттестаттау	Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру	8

«Персоналды басқару психологиясы» сертификаттау бағдарламасы (майнор) – 20 кредит

Еңбек әрекетіндегі психодиагностика / Өзін-өзі басқару психологиясы – 5 кредит

Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы / Әсер ету және тұлғааралық қақтығыс психологиясы – 5 кредит

Басқару психологиясы / Еңбек психологиясы – 5 кредит

Ұйымдастыру психологиясы / Персонал менеджерінің жұмысы – 5 кредит

Сертификаттау бағдарламасы	Семестр						
	1	2	3	4	5	6	7
Персоналды басқару психологиясы						Білім берудегі психологиялық қызметтің өзекті мәселелері Кәсіби стресс психологиясы	Басқару психологиясы Психологияны оқыту әдістемес
						Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері Академиялық стресс психологиясы	Психологиялық түзету Білім алушылардың оқу мотивациясының психологиясы

Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны (30-40 сөз)	Кредит саны	Жаңа оқу нәтижелері (кодтар)											
				PO1	PO2	PO3	PO4	PO5	PO6	PO7	PO8	PO9	PO10	PO11	PO12
Жалпы білім беру циклы ЖОО компоненті/Таңдау компоненті															
D1	Қолданбалы бизнес	Пән идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5	+					+		+				
	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған		+					+		+				
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, ҚР заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.		+						+		+			
	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның													

		орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.													
Жалпы білім беру циклы ЖОО компоненті															
D2	Мамандыққа кіріспе	Пәннің мазмұны ғылымның даму тарихы, маманның қызметін реттейтін негізгі этикалық және кәсіби принциптер туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Заңдылықтар, қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы кәсіби қызмет бағыттары, маманның кәсіби және жеке өсуі мәселелері қарастырылады.	4	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D3	Тұлға психологиясына кіріспе	Тұлға туралы, оның құрылымы мен табиғаты, тұлғаның теориялық бағыттары мен тұжырымдамалары, тұлғаны зерттеудің әдіснамалық принциптері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жеке тұлғаны психологиялық зерттеудің ерекшеліктері, оларды психологиялық практикада қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D4	Жалпы психология	Жеке тұлғаның психологиялық заңдылықтары мен оның қасиеттері, танымдық қызметі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Маман әлемінің кәсіби бейнесін қалыптастырудағы психологиялық білімнің рөлі, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдылары, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D5	Даму психологиясы	Психикалық даму теориялары, заңдылықтары, қозғаушы күштері, механизмдері, психикалық даму процесінің қайнар көздері, адам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі жетекші іс-әрекеттің ерекшелігі, әртүрлі жастағы адамның мінез-құлқы мен психикалық күйлерінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+

D6	Әлеуметтік психологияға кіріспе	Әлеуметтік топтар, жеке дамудың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарын, топтағы жеке тұлғаның іс-әрекетінің ерекшелігі мен психологиялық әсер ету әдістері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлеуметтік орта және қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарын ескере отырып, адамның мінез-құлқы сондай-ақ психикалық жағдайлары қарастырылады.	4	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D7	Әлеуметтік-психологиялық тренинг негіздері	Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру және дамыту мақсатында оқытылады. Курсты зерттеу теориялық білім мен практикалық дайындықтың әртүрлі түрлерінің тығыз өзара әрекеттесуін қамтиды. Қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында жаңа мінез-құлықтарды игеру арқылы студенттер қарым-қатынастың мүмкіндіктері мен шектеулерін талдай алады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D8	Психодиагностика негіздері	Теориялық білім мен оны қолдану тәжірибесінің өзара байланысы туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Теориялық және тәжірибелік білімді адам психологиясы, қазіргі психодиагностиканың міндеттері мен даму перспективалары туралы білімнің бірыңғай жүйесіне біріктіруді шешуде Психодиагностика мүмкіндіктері мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D9	Жалпы психология бойынша практикум	Тәжірибе жүзінде психологиялық әдістер мен әдістемелерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; психологиялық фактілерді кәсіби ойлау, талдау, синтездеу және жалпылау; қорытынды жасай білу, эксперименттік және психодиагностикалық әдістер көмегімен алынған нәтижелерді логикалық салыстыра білу мақсатында оқытылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
D10	Психологиядағы математикалық әдістер	Оқу пәнінің пәндік саласы туралы білімді қалыптастыру; ғылыми зерттеуге	4	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+

		статистикалық тәсілдер; зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу; психологияда математикалық статистиканы қолдану мақсатында оқытылады. Сипаттамалық статистика, параметрлік және параметрлік емес критерийлер, математикалық статистиканың корреляциялық әдістері қарастырылады.													
D11	Психологиялық кеңес беру негіздері	Психологиялық кеңес берудің этикалық қағидаларымен және мәселелері, процестері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Кеңес беру процессіндегі психологтың рөлі мен орны, кеңес берушінің кәсіби дайындығы мен жеке басының кеңес беру процесі мен нәтижесіне әсері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	+
Жалпы білім беру циклы Таңдау компоненті															
D12	Пенитенциарлық психология	Пенитенциарлық жүйе туралы, сотталғандарды қайта әлеуметтендіру кезінде құқық қорғау органдарының жұмысында психологиялық білімді пайдалану туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пенитенциарлық жүйеде психолог жұмысының ерекшеліктері; сотталғандардың жеке басы мен топтарының типологиясы мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+			+	+			+		
	Соттық-психологиялық сараптама	Сот-психологиялық сараптамалардың әртүрлі түрлерін жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық және әдіснамалық негіздері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тергеудегі, сотталған, куә мен жәбірленушінің психикалық қызметінің мәселелері, олармен жұмыс істеудің психологиялық әдістері мен тәсілдері қаралады.		+	+	+			+	+			+		
D13	Төтенше жағдайлар психологиясы	Төтенше жағдайға қатысушылардың психопатологиялық эволюциясының әлеуметтік қолайлы нұсқалары мен стресстің	5	+	+	+			+	+			+		

		психопатологиялық әсерінің динамикасы, туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психикалық және психосоматикалық бұзылулар мәселелері; төтенше жағдайға қатысушылар тұлғасының психопатологиялық эволюциясының әлеуметтік жағымсыз нұсқалары қарастырылады.												
	Қызметкер бойынша менеджер жұмысы	Қызметкерлер менеджері қызметінің ерекшелігі, әртүрлі мамандықтардың өкілдерімен өзара әрекеттесу, ұйымның кадрлық әлеуетінің жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыру туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қызметтің нәтижелілігі, ақпарат, уақыт және қаражат тапшылығы кезіндегі жұмыс сипаты мәселелері қарастырылады.		+	+	+			+	+			+	
D14	Киберпсихология	Интернет пен пайдаланушылар желісіндегі қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері, кибертехнологиялардың адамға әсері, кибертехнологияларды дамыту, түзету және терапевтік қызметте қолдану туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлеуметтік қызметтердің түрлері, әдістері мен принциптері, киберқауіпсіздіктің психологиялық аспектілері қарастырылады.	5	+	+	+			+	+			+	
	Психологиядағы арт-терапиялық бағыт	Психологияның негізгі ғылыми тұжырымдамалары туралы теориялық идеяларды психолог қызметінің практикалық аспектілерімен талдауға және байланыстыруға мүмкіндік беретін психологиялық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Топтық және жеке арт-терапевтік жұмыс, бағыттары, ғылымның негізгі теориялық мен тәжірибелік жетістіктері қарастырылады.		+	+	+			+	+			+	
D15	Отбасы психологиялық кеңесте	Отбасы түрлері мен отбасылық қатынастар, отбасылық кеңес берудің клиникалық, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық негіздері туралы білімді	5			+	+	+	+	+	+	+	+	+

		қалыптастыру мақсатында оқытылады. Отбасындағы диагностика және кеңес беру әдістері, отбасылық қатынастарда психологиялық кеңес беруді қолдану салалары қарастырылады.													
	Перинаталдық психология негіздері	Перинаталдық психологияның психологиялық білім жүйесі туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады; жүкті әйелдердің психикалық шындығымен сауатты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологтың құзыреттілігі туралы. Перинаталдық психологияның әдіснамасы, перинаталдық психологияның теориялық негізі, бағыттары, негіздері, аспектілері қарастырылады.		+	+	+			+	+			+		
D16	Шекаралық бұзылыстар психологиясы	Когнитивті, перцептивті және мнестикалық сфералардың қызметін бұзбайтын әртүрлі бұзылыстардағы тұлға деформациясының ерекшеліктері туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тұлғаның бұзылуы және оның әртүрлі ішкі жүйелері, шекаралық бұзылулардың этиологиясы мен патогенезі туралы сұрақтар қарастырылады.	5	+	+	+			+	+			+		
	Арнайы психология	Физикалық және психикалық ерекшеліктері бар адамдардың даму заңдылықтары (аномалды даму) туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі.. Психикалық, соматикалық, сенсорлық, интеллектуалды дамудағы әртүрлі ауытқулары бар әртүрлі жастағы адамдардың ерекшеліктері қарастырылады.		+	+	+			+	+			+		
D17	Ұйымдастыру психологиясы	Ұйымдастыру мәселесіне психологиялық көзқарастар, ғылыми-практикалық іс-әрекетті жүргізудің практикалық әдістері және оның ұйымдық психологиядағы нәтижелерін талдау туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ұйымдарда жұмыс істеу кезінде туындайтын теориялық, практикалық және әдіснамалық мәселелер қарастырылады.	5	+	+	+			+	+			+		

	Еңбек психологиясы	Еңбек психологиясының пәндік саласы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады; тиімді еңбек қызметін ұйымдастыру мәселесіне психологиялық көзқарастар, еңбек қызметін зерттеудің психологиялық әдістері. Жұмыспен қамтудың әртүрлі салаларындағы мамандардың еңбек қызметін ұйымдастырудың психологиялық аспектілері қарастырылады		+	+	+			+	+			+		
D18	Өзіндік менеджмент психологиясы	Өзін-өзі реттеудің психологиялық заңдылықтары, эмоционалды күйлерді, жеке қасиеттерді талдау дағдылары, өзін-өзі реттеу мақсатында мотивация туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Уақытты басқару, уақытты тиімді пайдалану, эмоционалды жағдайды басқару, өзін-өзі таныстыру, өзін-өзі реттеу, өзінің психологиялық ресурстарын дамыту мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+			+	+			+		
	Еңбек қызметіндегі психодиагностика	Еңбек саласындағы психодиагностикалық жұмыстың ерекшеліктері туралы білімді, өндірістегі, ұйымдардағы психодиагностикалық әдістер мен әдістермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Кәсіптік іріктеу; кәсіптік оқытуды ұйымдастыру; кәсіптік кеңес беру; мамандыққа психологиялық жарамдылық мәселелері қаралады.		+	+	+			+	+			+		
D19	Басқару психологиясы	Басқару мәселесіне психологиялық көзқарастар, ұйымдарда психологтың ғылыми-практикалық іс-әрекетін жүргізудің практикалық әдістері, басқару қызметін психологиялық қолдау туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Басқаруда туындайтын теориялық және практикалық мәселелердің сұрақтары мен психологиялық аспектілері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+			
	Психологияны оқыту әдістемесі	Психологиялық теориялар мен даму және оқыту заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру; оқу және кәсіби қызметте		+	+	+	+	+	+	+		+			

		білімді, білік пен дағдыларды дамыту мақсатында оқытылады. Теория мен әдістеме мәселелері қарастырылады, психологияны оқытудың тәжірибелік дағдылары дамиды.														
D20	Білім берудегі психологиялық қызметтің өзекті мәселелері	Психодиагностикалық және түзету-дамыту жұмысы әр түрлі жастағы балалармен мектеп әкімшілігімен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен психологиялық жұмыс туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологтың білім берудегі ағартушылық, психодиагностикалық, кеңес беру қызметі мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+				
	Кәсіби стресс психологиясы	Кәсіби стресстің психологиялық теориялары, оның жіктелуі мен ерекшеліктері, стресс факторлары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық профилактика, кәсіби стресстің жағымсыз салдарын женудің психологиялық әдістері, жеке ресурстарды дамыту, психологиялық денсаулықты нығайту мәселелері қарастырылады.		+	+	+	+	+	+	+		+				
D21	Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық аспектілері	Өртүрлі жас топтарындағы суицидтік мінез-құлықтың себептері, түрлері, жеке ерекшеліктері, ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дайындалып жатқан суицид актісі, постсуицидтік психологиялық сүйемелдеу, психологиялық алдын алу және суицидтің алдын алу, психологиялық денсаулықты нығайту белгілері мәселелері қаралады.	5	+	+	+	+	+	+	+		+				
	Академиялық стресс психологиясы	Оқу іс-әрекетіндегі стресстің пайда болу, даму және еңсеру заңдылықтары мен механизмдері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Оқу жүктемесінің жоғарылауы, емтихан үрейлігі, бейімделмеген тұлғалық сипаттамалардың салдарынан туындайтын жағымсыз психоэмоционалды жағдайлардың алдын алу және түзету, күрес ресурстары мәселелері қарастырылады.		+	+	+	+	+	+	+		+				
D22	Психологиялық түзету	Адамның әлеуметтену және бейімделу үшін	5	+	+	+	+	+	+	+		+				

		қажетті психологиялық қасиеттерін дамытуға бағытталған психокоррекцияның негізгі бағыттары, әдістері, әдістері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психокоррекция саласындағы шетелдік және отандық тәжірибенің негіздерін ашатын мәселелер қарастырылады.													
	Білім алушылардың оқу мотивациясының психологиясы	Оқу мотивациясының психологиялық теориялары, оның білім беру процесіндегі рөлі, жіктелуі мен ерекшеліктері, мотивациялық факторлары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Оқу мотивациясын дамытудың психологиялық тәсілдері, оқытудың тиімді шарттары мен технологиялары қарастырылады.		+	+	+	+	+	+	+		+			
Профильдеу пәндерінің циклі ЖОО компоненті															
D23	Медициналық психология	Нейропсихология, патопсихология, соматикалық аурулар клиникасы, даму ауытқулары, олардың алдын алу және түзету негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі медициналық психологияның теориялық және әдіснамалық мәселелері, медициналық психологтардың психологиялық принциптері қарастырылады.	5	+	+	+	+		+			+		+	+
D24	Заң психологиясы	Адамның құқықтық санасының дамуының психологиялық заңдылықтары, оның құқықтық мінез-құлқы мен қызметінің қалыптасуы мен динамикасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық тұрғыдан басқа адамдармен, қоғаммен және табиғатпен құқықтық қатынастар мәселелері қарастырылады.	4	+	+	+	+		+			+		+	+
D25	Дифференциалды психология	Адам даралығы мен оның қалыптасу заңдылықтары туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады; адам даралығын ұйымдастырудың негізгі деңгейлері. Курс нейрофизиологиялық,	5	+	+	+	+		+			+		+	+

		конституциялық, гендерлік деңгейлерге негізделген жеке айырмашылықтарды, сонымен қатардар алықты дамытудың негізгі факторларын зерттеуге арналған.													
D26	Психология тарихы мен әдіснамасы	Әлемдік психологиялық ғылымның дамуының негізгі сатылары мен кезеңдері, психологиялық танымның қазіргі даму тенденциялары және оның әдіснамалық негіздері, психология пәнінің қалыптасу заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Шындықты психологиялық зерттеу әдістерінің даму заңдылықтары мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+	+		+			+		+	+
Профильдеу пәндерінің циклі Таңдау компоненті															
D27	Антропология	Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі антропологияның міндеттері мен орны, антропологиялық зерттеу әдістері, антропогенез тұжырымдамалары, адам эволюциясының кезеңдері, адам морфологиясы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жас, Конституциялық антропология, нәсілшілдік және нәсілшілдік мәселелері қарастырылады.	4	+	+	+	+		+	+					+
	Денсаулық психологиясы	Денсаулық психологиясының пәні мен даму тарихы, денсаулықтың психологиялық компоненттері туралы білім, психоактивті заттардың денсаулығына теріс әсер ету, салауатты өмір салтының психологиялық негіздері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби факторлар мен денсаулық аспектілері қарастырылады.		+	+	+	+		+	+					+
D28	Медиацияның психологиялық негіздері	Қақтығыстың құрылымы, динамикасы мен функциялары; медиация процесі, оның кезеңдері; медиатордың жеке басы; медиатор жұмысының психологиялық құралдары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Өндірісте, отбасында медиация процесін ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері мәселелері қарастырылады.	5	+	+	+	+		+	+					+

	Гендер психологиясы	Гендердің психологиялық теориялары, ерлер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктері; гендерлік әлеуметтену заңдылықтары; гендерлік стереотиптеу туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Адам өмірінің әртүрлі салаларындағы гендерлік ерекшеліктердің көрінісі; сексизм көріністеріне сезімталдық мәселелері қарастырылады.		+	+	+	+		+	+					+
D29	Экзистенциалды психология	Экзистенциалды психологияның мәселелері мен теориялары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады: мағынаға ұмтылу, өмірдің мәні туралы түсінік, ерік бостандығы туралы ілім. Өмірге қанағаттану, махаббат пен жалғыздық, жауапкершілік пен таңдау, әр адамның өмір сүруінің экзистенциалды мәселелері қарастырылады.	4	+	+	+	+		+	+					+
	Дін психологиясы	Діни тұлға туралы, сенім құбылысының әлеуметтік-психологиялық табиғаты туралы идеяларды қалыптастыру; діни табынушылықтың ерекшеліктері және сенушінің жеке басын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сенімнің өзін-өзі танудың мінез-құлық, танымдық және эмоционалды деңгейіне әсері қарастырылады.		+	+	+	+		+	+					+
D30	Кәсіби қазақ тілі	Пән білім алушының кәсіби коммуникация мәдениетін қалыптастыру, салалық терминдерді бірізді қолдану, кәсіби салаға қатысты құжаттарды стандарттар мен нормаларға сәйкес жазу дағдыларын машықтандыру, кәсіби қазақ тілінде сөйлеу, жазу, қатысты жетілдіріп, лексикасын байыту, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту және дамыту мақсатында оқытылады.	5	+	+	+	+		+	+					+
	Этнопсихология	Этнопсихологиялық ғылымның теориялық тәсілдері мен практикалық жетістіктері, жеке адамдағы жалпыадамзаттық және этникалық ерекшеліктердің бірлігі; этнопсихологияның		+	+	+	+		+	+					+

		теориялық және практикалық маңызы, этнопсихология мәселелері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Этнопсихологиялық білімнің, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің пайда болу мәселелері қарастырылады.													
	Өмірге қанағаттанудың психологиялық аспектілері	Өмірге қанағаттанудың объективті және субъективті көздері болып табылатын психологиялық тәсілдер мен тұжырымдамалар туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Өмірге қанағаттанушылықты, әртүрлі этникалық, конфессиялық, әлеуметтік-экономикалық топтардағы өмірге қанағаттану ерекшеліктерін зерттеу үшін әдіснамалық негіз мәселелері қарастырылады.	4	+	+	+	+		+	+					+
	Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары	Эмоционалды интеллект, оның түрлері, механизмдері мен дамуы туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады; эмоционалды интеллект технологияларын қолдану саласындағы теориялық және практикалық білім, дағдылар. Эмоционалды интеллектті дамыту үшін әлеуметтік факторлар мен жағдайлар қарастырылады.		+	+	+	+		+	+					+
	Тұлғааралық қатынастар мен әсер ету психологиясы	Тұлғааралық қатынастың әсер ету заңдылықтары мен барысы туралы білімді қалыптастыру, келіссөздерді сәтті жүргізу және қатығыс жағдайынан шығу жолдары, қарсыластардың өзара әрекеттесу негіздері және қатығыс жағдайынан тиімді шығу жолдары туралы пікір қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4	+	+	+	+		+	+					+
	Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы	Адамдардың өзара әрекеттесуін сауатты талдауға және теорияны тұлғааралық коммуникациядағы психолог қызметінің практикалық аспектілерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін тұлғааралық коммуникация саласында психологиялық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Функциялар, түрлер,		+	+	+	+		+	+					+

		тұлғааралық коммуникация құралдары мәселелері қарастырылады.													
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль аясында оқыту және бағалау әдістерімен үйлестіру

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқу нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
PO 1	Коммуникативтік дағдылары бар, топта жұмыс істей алады, әлеуметтік және эмоционалдық интеллекті дамиды; қарым-қатынас техникасын білу негізінде қарым-қатынас жағдайында өзінің мінез-құлқын бағалайды және түзетеді, іс-әрекетте тиімділікке ықпал ететін кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерге ие.	интерактивті дәріс	презентации жасау
PO 2	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пікірлерді ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады; өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.	төңкерілген сынып (Flippeg Class)	эссе жазу
PO 3	Әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлаудың тиімді жолдарын тандайды, еңбек әрекетін талдаудың негізгі тәсілдерін және еңбек процесін ұйымдастырудағы басқару психологиясын зерттейді.	сократтық диалог	топтық талқылау
PO 4	Әртүрлі проблемалары бар клиенттерге психологиялық қолдау көрсете отырып, психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламаларын құрастырады.	кейс-стади	қорытындылар мен ұсыныстарды жазу
PO 5	Нақты және виртуалды жағдайларды олардың гендерлік бағдары тұрғысынан білім берудегі, отбасылық және психологияның басқа салаларындағы психология ғылымы тұрғысынан бағалайды.	пікірталас	ауызша баяндау
PO 6	Оқу саласындағы сандық технологияларға негізделген оқу саласында білімі мен түсінігін көрсетеді; зерттеу нәтижелерін суреттейді: психологиялық зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық өлшеу әдістерін еркін қолданады, ақпаратты жіктейді және жинақтайды, маңызды психологиялық мәселелер бойынша пайымдауларды түсіндіреді.	жобалап оқыту	презентация
PO 7	Сандық технологияларды, смарт қолданбаларды ескере отырып, практикалық психологтардың практикалық әдістері мен құралдарын зерттейді және қолданады.	дебаттар	эссе жазу
PO 8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу арқылы қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ете отырып, жаратылыстану ғылымдары бойынша ағымдағы білімдерін көрсетеді, әдістер мен механизмдерді және Start-Up жобаларды қолданады	сұрақ –жауап	ауызша жауап
PO 9	Негізгі психологиялық салалардағы теориялық ұстанымдарды анықтайды және түсіндіреді, әртүрлі қызмет салаларындағы адамдардың жеке ерекшеліктерін сипаттайды; зерттелетін салада фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі байланыстар туралы білімі мен түсінігін қолданады.	ми шабуылы	коллоквиум
PO 10	Психологтың алған білімдері мен дағдыларын тәжірибенің әртүрлі салаларында және практикалық іс-әрекетінде қолданады, еңбек процесін психологиялық зерттеудің нақты міндеттерін қою дағдыларын көрсетеді.	дөңгелек үстел	шағын- шығарма
PO 11	Теориялық және практикалық білімдерін саладағы оқу, практикалық және кәсіби мәселелерді шешу үшін қолданады; психологиялық ғылыми категорияларды жүйелі талдаудың негіздерін анықтайды; академиялық	іскер ойындар	топтық талдау

	адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсінеді.		
PO 12	Ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін біледі және оларды зерттейтін салада қолданады; концептуалды аппаратты қолданады, құрылымдық кезеңдерін, психологиялық және мәдениетаралық зерттеу әдістері мен тәсілдерін сипаттайды, экзистенциализм, дін және денсаулық психологиясы саласындағы білімдерін көрсетеді.	шығармашылық тапсырма	портфолио

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Біледі: қарым-қатынас жағдайында тұлғаның мінез-құлқын бағалай және түзету әдістерін, іс-әрекеттің тиімділігіне ықпал ететін кәсіби маңызды жеке қасиеттерді біледі.
	Істей алады: әлеуметтік және эмоционалды зияткерлікті дамытады және командада жұмыс істей алады.
	Меңгерген: командада жұмыс істеу тиімділігіне ықпал ететін коммуникативтік дағдыларды меңгерген.
ОН 2	Біледі: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және қазірге қоғамның демократиялық құндылықтары аясында өзінің басым азаматтық ұстанымын басшылыққа ала біледі.
	Істей алады: әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинайды және түсіндіре алады.
	Меңгерген: әлеуметтік жағдайларда бағдарлаудың тиімді тәсілдерін біледі.
ОН 3	Біледі: әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлаудың тиімді тәсілдерін біледі.
	Істей алады: еңбек процесін ұйымдастырудағы еңбек қызметі мен басқару психологиясын талдаудың негізгі тәсілдерін қолдана алады.
	Меңгерген: еңбек процесін ұйымдастырудағы еңбек қызметі мен басқару психологиясын талдаудың негізгі тәсілдерін меңгерген.
ОН 4	Біледі: психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламасын құру әдістері мен құралдарын біледі.
	Істей алады: әртүрлі проблемалары бар клиенттерді психологиялық қолдау кезінде психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламаларын құра алады.
	Меңгерген: психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламасын құру дағдыларын меңгерген.
ОН 5	Біледі: білім беру жүйесімен, отбасымен және психологияның басқа бағыттарымен байланысты психологиялық ғылымның мәселелерін біледі.
	Істей алады: қарым-қатынастағы психологиямен байланысты бағыттардағы нақты және виртуалды жағдайларды бағалай алады.
	Меңгерген: әртүрлі бағыттармен байланысты психологиялық ғылымды талдау дағдаларын меңгерген.
ОН 6	Біледі: сандық технологияларға негізделген зерттелетін сала бойынша ақпараттарды біледі.
	Істей алады: сандық технологиялармен байланысты маңызды психологиялық мәселелер бойынша ақпаратты жіктей, жалпылай және заңдылықтарды түсіндіре алады.
	Меңгерген: психологиялық зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу әдістерін еркін меңгерген.
ОН 7	Біледі: сандық технологияларды, Smart қосымшаларды ескере отырып, практикалық психологтардың практикалық әдістері мен жұмыс құралдарын біледі.
	Істей алады: сандық технологияларды, Smart қосымшаларды ескере отырып, практикалық психологияның әдістері мен құралдарын қолдана алады.
	Меңгерген: практикалық психологтардың практикалық әдістері мен жұмыс құралдарын меңгерген.
ОН 8	Біледі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу жолымен қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін жаратылыстану - ғылыми пәндер бойынша ақпаратты біледі.
	Істей алады: Start-Up жобаларының тәсілдері мен тетіктерін кәсіби деңгейде қолдана алады.
	Меңгерген: аргументация және зерттелетін саладағы мәселелерді шешуді меңгерген.
ОН 9	Біледі: зерттелетін саладағы психологиялық бағыттар мен фактілер, құбылыстар, теориялар арасындағы күрделі қатынастарды біледі.
	Істей алады: әртүрлі қызмет салаларындағы адамдардың жеке айырмашылықтарын сипаттай алады.
	Меңгерген: негізгі психологиялық бағыттар бойынша теориялық қағидаларды меңгерген.

ОН 10	Біледі: еңбек процесінің психологиялық негіздері туралы ақпараттарды біледі.
	Істей алады: алған білімдерін практиканың әртүрлі бағыттары мен салаларында психологтың практикалық қызметінде қолдана алады.
	Меңгерген: еңбек процесін психологиялық зерттеудің нақты міндеттерін қою дағдыларын меңгерген.
ОН 11	Біледі: академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын біледі.
	Істей алады: психологиялық ғылыми категорияларды жүйелі талдай алады.
	Меңгерген: оқытылатын саладағы оқу-практикалық, кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану іскерліктерін меңгерген.
ОН 12	Біледі: ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін және оларды оқытылатын салада қолдана біледі.
	Істей алады концептуалды аппаратты қолдану, психологиялық және кросс-мәдени зерттеудің құрылыс кезеңдерін, әдістері мен әдістерін қолдана алады.
	Меңгерген: экзистенциализм, дін және денсаулық психологиясы саласындағы әдістерді меңгерген.

Бакалавр дәрежесін бітірушілер атрибуттары: практикалық психология саласындағы терең кәсіптік білім, ғылымдағы тенденцияларды меңгеруге қызығушылық, кәсіби қоғамдастықпен бірлесіп жұмыс істеу қабілеті, кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі тәуелсіздік, көпшілдік, төзімділік пен білімділік, академиялық адалдық, Қазақстанның қоғамдық міндеттері мен стратегияларына қатысуға дайын болу.

Түлек моделі

Құзыреттердің түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills):	- адамның психологиялық дамуының ерекшеліктері туралы, ғылымның негізгі принциптері мен категориялары туралы, қазіргі кезеңдегі ғылым дамуының әдіснамалық және теориялық мәселелері туралы біледі; - психологиялық ғылыми категорияларды жүйелі талдаудың негіздерін біледі; - психологиялық ғылыми категорияларды жүйелі талдаудың негіздерін, қазіргі кезеңдегі психология ғылымының өзекті мәселелерін біледі.
2. Сандық құзыреттер (Digital skills):	- сандық технологияларды тәжірибеде қолданады; - зерттеулер жүргізуде және зерттеу нәтижелерін интерпретациялауда сандық технологияларды қолданады; - адамдардың сандық технологиялармен әрекеттесуі кезінде туындайтын психологиялық мәселелерді шешуде нақты және виртуалды жағдайлар туралы білімін пайдаланады.
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills):	- әртүрлі проблемалары бар клиенттерге психологиялық қолдау көрсете отырып, психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс бағдарламаларын құрастырады; - әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды психологиялық зерттеу нәтижесінде маңызды эмпирикалық деректерді жинау және түсіндіру әдістерін қолданады; - оқыту, түзету, психотерапиялық бағдарламаларды құрастырады; - салада өз бетінше әрі қарай оқуға қажетті оқу дағдыларын пайдаланады; - алған білімдері мен дағдыларын психологиялық тәжірибелік іс-әрекетінде әртүрлі салалар мен тәжірибе салаларында қолданады.

Әзірлеушілер:

Психология кафедрасының меңгерушісі м.а., философия докторы PhD

Психология кафедрасының қауымд.профессоры, пс.ғ.к.

Психология кафедрасының қауымд.профессоры, пс.ғ.к.

Аға оқытушысы

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ

Бөлім бастығы

Студент гр. ПС-31-21р

А.Р. Альгожина

Г.Б. Капбасова

Р.Т. Алимбаева

Е.А. Лазарева

Г.С. Жунусова

А. Газиз

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралып, ұсынылды 24.04.2024 № 9 хаттама

Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды 29.04.2024 № 5 хаттама

Білім беру бағдарламасы басқарма отырысында қаралды және бекітілді 24.05.2024 № 8 хаттама

Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесі - Проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Философия және психология факультетінің деканы

М.М. Умуркулова

Т.М. Хасенова

А.Д. Макатова

6В03106 – ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының қажеттілігіне және ғылыми білімнің дамуының замануи тенденцияларына сәйкес білім беру бағдарламасының жүзеге асыру шарттарының сапасын жақсартуды қамтамасыз ету.

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)	2027-2028 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	2	1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	2	2	2	2
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	2	2	2	2
1.4	Баска	Адам саны				
2	Рейтингтердегі БББжылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	2	2	2	2
2.2	НААР	Позициясы	6	5	6	6
2.3	Атамекен	Позициясы	11	10	7	7
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны				
3.2	Оқу құралдары	Саны	2	2	2	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	1	1
3.4	Электронды оқулық	Саны	2	2	2	1
3.5	Видео/аудиодеріс	Саны	2	2	1	1
3.6	Баска	Саны				
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
4.3	Баска	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	+	+	+	+
5.2	БББ-на шеттілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл				
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл				
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл				
5.5	Баска	Жыл				

Психология кафедрасының меңгерушісі м.а.



А.Р. Альгожина

